

**«ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

050040, Алматы қ., Көктем-3, 21-үй
тел.: +7 727 2704591, факс: +7 727 2704655
телекс: 251130 BNK KZ, E-mail: hq@nationalbank.kz



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ

**«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»**

050040, г. Алматы, Коктем-3, дом 21
тел.: +7 727 2704591, факс: +7 727 2704655
телекс: 251130 BNK KZ, E-mail:
hq@nationalbank.kz

17.06.2020ж. № 04-4-06/ 338

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Сенатының
депутаттары
О.В. Перепечинаға
В.В. Волковқа
С.К. Енсеневке**

*2020 жылғы 29 мамырдағы
№ 16-13-171д/с депутаттық сауалға*

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) өз құзыреті шегінде елден капиталды заңсыз әкетуге қарсы іс-қимыл шараларына қатысты сауалды қарап, бірінші және үшінші мәселелер бойынша келесіні хабарлайды.

Елден капиталды әкету туралы мәселені қараған кезде (1) кәсіпкерлердің әдеттегі іскерлік белсенділігіне немесе елдегі экономикалық жағдайға байланысты капиталды әкетуді және (2) көбінесе қылмыстық әрекетке байланысты капиталды заңсыз әкетуді бөлу қажет.

Капиталды әкету бойынша

Классикалық ұғымда капиталды әкету - шетелге қаражатты орналастыру мақсатында елден оларды аудару. Осылайша, капиталды әкетуде, негізінен, сыртқы экономикалық мәмілелерге ақы төлеу, шетелге тікелей және портфельдік инвестициялар, шетелдік инвесторларға дивиденттерді төлеу, жылжымайтын мүлік сатып алу және т.б. сияқты бизнесті жүргізу тұрғысынан заңды, стандартты операциялар қамтылады.

ХВҚ әдіснамасына сәйкес Ұлттық Банк жасаған сыртқы сектордың статистикасына сәйкес елдің төлем балансында *жеке сектордың капиталды таза әкелу/әкету* ұғымы пайдаланылады.

Бұл көрсеткішке жеке сектордың (банктер мен басқа секторлардың) қаржы шотында тіркелген операциялары, сондай-ақ төлем балансының баптары бойынша сыныпталмаған операциялар (қателер мен жіберіп

алулар) кіреді. Хатқа қосымшада Қазақстанның төлем балансында көрсетілген капитал ағыны туралы деректер көрсетілген.

Капиталды заңсыз әкету бойынша

Капиталды заңсыз шығару проблемасы жалпы әлемдік болып табылады. Көптеген елдер мен халықаралық ұйымдардың (БҰҰ, ХВҚ, ДБ) күш-жігері оны шешуге бағытталған. Жосықсыз бизнес құрылымдар мен көлеңкелі сектор пайдаланатын капиталды елден заңсыз әкету арналары мен әдістері үнемі түрленіп тұрады. Бұл оларға қарсы іс-қимыл тетігі үнемі жетілдіруді талап етеді.

Шараларды дайындау кезінде мемлекет біршама уақыт өткеннен кейін «бір күндік» - фирмаларды қудалауға емес, ақшаны шығарудың заңсыз схемаларын жою бойынша алдын-алу шараларын қабылдауға назар аударуы тиіс.

Елден заңсыз ақша әкетуге қарсы іс-қимылдың қазіргі жүйесіне бірнеше мемлекеттік органдар (ҚМК, МКК атынан ҚР ҚМ, валюталық бақылаудың негізгі органы ретінде Ұлттық Банк және қаржы нарығы бойынша КЖ/ТҚҚ бойынша Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (ҚНРДА), сондай-ақ қаржы ұйымдары қаржы мониторингі субъектілері ретінде тартылған.

ҚР Парламенті Сенатының 2018 жылғы 28 ақпандағы ұсыныстарын ескере отырып, капиталды әкетуге қарсы іс-қимылдың тетігін реформалаудың бірінші кезеңі ретінде заңнамалық негіз жетілдірілді. Атап айтқанда, Ұлттық Банктің және мемлекеттік кірістер органының заңмен қорғалатын ақпаратпен алмасу құқығы көзделген.

Қазіргі уақытта Ұлттық Банк ҚР Қаржы министрлігімен бірге тиісті нормаларды іске асыру және ведомстволар арасында ақпараттық өзара іс-қимылды техникалық іске асыру бойынша жұмыстар жүргізуде, олар 2021 жылы аяқталады деп күтіледі.

Ұлттық Банктің **болжамдары** бойынша ақпараттық жүйелердің ықпалдасу қорытындылары ведомстволарға капиталды әкету бойынша **сапалы мониторинг жүргізуге, статистикалық ақпаратты жинақтауға және талдауға** мүмкіндік береді.

Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы қолданыстағы заңнамада капиталды заңсыз әкетуге қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдау үшін маңызды құралдар қарастырылған, оны қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті орган толық пайдаланбайды.

Нақты және қаржы сектор субъектілерінің капиталды шығару схемаларына тартылуын анықтау үшін Ұлттық Банк қаржы мониторингі және мемлекеттік кірістер органдарымен, ҚНДРА-мен өзара тығыз іс-қимыл жасауға дайын.

Капиталды заңсыз шығаруға қарсы іс-қимыл бойынша шараларды одан әрі іске асыру ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың тапсырмалары шеңберінде орындалады.

Ұлттық валютаны және (немесе) шетел валютасын репатриациялау мәселелері бойынша заңнаманы жетілдіру және капиталды заңсыз шығару фактілері бөлігінде

Капиталды заңсыз шығару фактілері бойынша ақшаны қайтару мәселелері, сондай-ақ ұлттық валютаны және (немесе) шетел валютасын репатриациялау

талаптарын орындамау бойынша жауапкершілік қылмыстық заңнамамен және әкімшілік құқықбұзушылық туралы заңнамамен белгіленген.

Сыртқы сауда шарттары бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін шектеу валюталық шектеулер санатына жатады және оны жүзеге асыру белгілі бір талаптарда ғана мүмкін болады. Ағымдағы талаптарда валюталық реттеудің қолданыстағы либералды режимі Қазақстан Республикасының ықпалдастық бірлестіктер мен халықаралық ұйымдарға мүше болу шеңберінде қабылдаған халықаралық міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етудің қажетті талабы болып табылады.

2019 жылы қылмыстық заңнаманы («Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне меншік құқығын қорғауды күшейту, төрелік, сот жүктемесін оңтайландыру және қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 21 қаңтардағы № 217-VI Қазақстан Республикасының Заңы) ізгілендіру шаралары шеңберінде ҚР Парламенті Сенатының 2018 жылғы 28 ақпандағы ұсынымдарын іске асыру мақсатында ҚР Қылмыстық кодексінің 235-бабы бойынша шетелден қаражат қайтарылмаған кезде қылмыстық жауаптылықтың басталуы үшін ірі мөлшердегі шегін 45 000 АЕК-ке дейін ұлғайған. 2019 жылғы 4 ақпанда заңды күшіне енді.

Қазақстан Республикасының заңнамасын, оның ішінде капиталды шығаруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша одан әрі жетілдіру Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық Банктің заң шығару қызметі шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

Өз кезегінде, капиталды заңсыз шығаруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша заңнамаға түзетулер әзірлеу кезінде мемлекет пен бизнес мүдделері, Қазақстанның инвестициялық тартымдылығы және қосымша талаптар мен шектеулерді енгізу арасындағы теңгерімнің сақталуын ескеру қажет.

Қосымша 1 парақта.

Төраға

Е. Досаев